



## "Почта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қыркүйек N 1195

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Почта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

П о ч т а т у р а л ы

Осы Заң почта қызметі саласындағы қарым-қатынастарды реттейді, почта байланысы саласындағы мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін, сондай-ақ почта операторлары мен почта операторлары қызмет көрсетулерін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін, почта операторларының мәртебесін және жауапкершілік шектерін анықтайды.

1 - ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы заңда пайдаланылатын ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

абонементтік жәшік - почта операторларының өндірістік объектілерінде орнатылатын, адресаттар почта жөнелтімдерінің жеке түрлерін алу үшін өкілетті орган белгілеген тәртіппен пайдаланатын жабылатын арнайы жәшік;

абоненттік почта жәшігі - тұрғын үйлерде, сондай-ақ ауылдық жерлерде жеткізу участкесінде адресаттар почта жөнелтімдерін алу үшін орнатылатын жәшіктері бар арнайы шкаф;

адресат - почта жөнелтімі немесе почталық ақша аударымы соған арналған почта операторының қызмет көрсетулерін пайдаланушы;

бандероль - мөлшерін, салмағын және буып-тую тәсілін уәкілетті орган анықтайтын басылымдар, іс қағаздары, құжаттар мен басқа да жазбаша салымдар бар почта жөнелтімі ;

почта жөнелтімін табыс ету - почта жөнелтімін адресаттың өзіне немесе оның сенімді түлғасына беруде жасалатын өндірістік операция;

почталық төлемнің мемлекеттік белгілері - почта маркалары және уәкілеттік орган айналымға енгізетін, почталық хат-хабарға соғылатын және почта байланысы қызмет көрсетуіне ақы төленгенін растайтын өзге де белгілер;

почта жөнелтімін жеткізу - жеткізетін жердегі почта, операторының өндірістік объектілерінен адресаттың абонементтік немесе абоненттік почта жәшігіне немесе жөнелтуші көрсеткен өзге де мекен-жай бойынша почта жөнелтімінің қозғалысын білдіретін операция ;

біртұтас почта аумағы - почта операторы өндірістік объектілерінің жалпы индекстеу жүйесін, почта жөнелтімдерін ресімдеудің, қабылдаудың, өндеудің, тасымалдаудың және жеткізудің (табыс етудің) жалпы тәртібін белгілейтін почта байланысы саласындағы бірынғай нормалар мен ережелер қолданылатын Қазақстан Республикасының аумағы ;

бәсіре зат - құжаттар мен почта жөнелтімдеріне почта байланысы объектілерінің атауларын (почта вагонының бағытын), почта жөнелтімін және өзге де ақпаратты қабылдау және жеткізу уақытын көрсете отырып, бедерлеме соғуға арналған құрылғы ( мөртаба ) ;

халықаралық почта жөнелтімі - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тасымалдау үшін қабылданатын, Қазақстан Республикасына оның шегінен тыс жерлерден келетін немесе бір шетел мемлекетінен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін қарапайым немесе тіркелетін почта жөнелтімі ;

халықаралық жауап купоны - ірі қаріппен "UPU" (Дүниежүзілік Почта Одағының қысқартылған белгісі) әріптерін бейнелейтін су белгілері бар қағазға басылған, Дүниежүзілік Почта Одағының Халықаралық Бюросы шығаратын, әуе көлігімен жіберілетін, салмағы 20 грамға дейін болатын қарапайым халықаралық хаттың Қазақстан Республикасында қолданылатын почта төлемінің мемлекеттік белгілерімен айырбастауға жататын бағалы құжат ;

ұсақ пакет - мөлшерін, салмағын және буып-тую тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың үлгісі, сыйлық сипатындағы ұсақ заттар бар тіркелетін почта жөнелтімі ;

ұлттық почта операторы - почта байланысының жалпыға бірдей, негізгі, шарттық және өзге де қызметтерін, қаржылық қызметтерді, банк операцияларының жекелеген түрлерін, кез келген елді мекенде кез келген пайдаланушыға бөлшек сауда қызметін

көрсету жөніндегі міндеттемелерді өзіне алған поча операторы;

ұлттық поча желісі - Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылатын және көпшілік шарттың қағидатымен қызметтер көрсететін жалпы пайдаланымдағы поча ж е л і с і ;

пocha жөнелтімін өндеу - поча жөнелтімдерін мақсаты бойынша тасымалдауға дайындауды және адресатқа жеткізу (табыс етуді) қамтамасыз ететін, поcha жөнелтімдерімен жүргізілетін өндірістік операциялар;

пocha операторы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес поcha қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

пocha тасымалдау бөлімшесі - поcha операторының поcha жөнелтімдерін тасымалдауға мамандандырылған өндірістік бөлімшесі;

пocha байланысы бөлімшесі - поcha операторының поcha жөнелтімдерімен жекелеген өндірістік операцияларды жүзеге асыратын, оларды қабылдауға және жеткізуге (табыс етуге) мамандандырылған өндірістік бөлімшесі;

жөнелтуші - поcha операторына поcha жөнелтімін немесе почталық ақша аударымын жіберу үшін тапсыратын поcha операторының қызмет көрсетулерін пайдалануышы ;

пocha жөнелтімдерін тасымалдау - жөнелту пунктінен жеткіzetіn жердегі поcha операторының өндірістік объектілеріне дейін адресаттарға жеткізу (табыс ету) үшін поcha жөнелтімдерінің қозғалысын білдіретіn өндірістік операциялар;

жазбаша хат-хабар - хаттар, поcha карточкалары, бандерольдер және ұсақ пакеттер;

хат - жазбаша хабарлама және (немесе) құжаттар бар поcha конверті түріндегі қарапайым немесе тіркелетіn поcha жөнелтімі;

пocha операторының қызмет көрсетулерін пайдаланушы (пайдаланушы) - поcha операторының көрсететіn қызметін тұтынуши, соның ішінде поcha операторымен жасалатын шарттардың негізінде тұтынуши болып табылатын жеке немесе заңды тұлға ;

жолдама зат - мөлшерін, салмағын және буып-тую тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлар мен басқа да заттар бар тіркелетіn поcha жөнелтімі;

пocha - Қазақстан Республикасының аумағында почталық және қаржылық қызметтер кешенін көрсетуді қамтамасыз ететіn құрылымның ажырамас бөлігі;

почтамт - поcha байланысының барлық қызметтерін көрсететіn және поcha операторы функцияларының барлығын немесе біr бөлігін жүзеге асыратын әмбебап өндірістік бөлімшесі ;

пocha қауіпсіздігі - пайдаланушылардың, қызметкерлердің және поcha операторы мүлкінің қауіпсіздігін, поcha жөнелтімдері мен ақшаның, хат жазысу құпиялығының, сондай-ақ поcha операторына поcha қызметін жүзеге асыруына байланысты сеніп берілетіn, заңмен қорғалатын өзге де құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету;

пocha қызметі - почталық және қаржылық қызметтерді өндіру және поcha желісі

а р қ ы л ы

к ө р с е т у ;

почта карточкасы - арнайы стандарт бланктегі жазбаша хабарлама бар қарапайым немесе тіркелетін почта жөнелтімі;

почта байланысы - почта жөнелтімдерін қабылдау, өңдеу, тасымалдау және жеткізу (табыс ету), сондай-ақ почталық ақша аударымы;

почта желісі - почта байланысы қызметтерін көрсету, почта операторының қаржылық және өзге де қызметтерін көрсету барысында пайдаланылатын өндірістік объектілер мен почта бағыттарының жиынтығы;

почта жүйесі - почта байланысын, қаржылық және өзге де қызметтер көрсетілуін қамтамасыз ететін почта желілері мен почта операторларының кешені;

почта-жинақ жүйесі - ұлттық оператор осы Заңға сәйкес пайдаланушыларға почта желілерінің негізінде почта байланысы қызметтерін, қаржылық және өзге де қызметтерді көрсету кезінде туындайтын қарым-қатынастар жиынтығы;

почталық мекен-жай (мекен-жай) - почта операторының қызмет көрсетулерін пайдаланушы почта жөнелтімдерін және почталық ақша аударымдарын жеткізу (табыс ету) үшін анықтайтын орын ;

почта вагоны - почта жөнелтімдерін іріктеуге және тасымалдауға арнайы тағайындалған және жабдықталған темір жол вагоны;

почта индексі - почта жөнелтімдерін және почталық ақша аударымдарын қабылдау және жеткізу (табыс ету) жүргізілетін өндірістік объектіге берілетін почта мекен-жайының шартты цифрлық белгісі;

почта контейнері - тауарлар және басқа да материалдық құндылықтар бар контейнер түріндегі почта жөнелтімі;

почталық ақша аударымы - жөнелтуші адресатқа төлеуді почта операторына тапсыратын ақша сомасы көрсетілген, уәкілетті орган белгілеген бланк нысанын толтыра отырып, почта және электр байланысы желісін пайдаланумен ақшаны қабылдау, өңдеу, тасымалдау (беру), жеткізу (табыс ету) жөніндегі қызмет көрсету;

почта жөнелтімдері - қарапайым және тіркелетін хаттар, почта карточкалары, бандерольдер, ұсақ пакеттер, жолдама заттар, почта контейнерлері, сондай-ақ тиісті орнадағы басылымдар ;

тірек пунктінің почта шкафы - жеткізу учаскесінде почта жөнелтімдерін уақытша сақтауға немесе адресаттың почта жөнелтімдерін алуына арналған арнайы шкаф;

почта штемпелі - жөнелту орнында жөнелтімді қабылдаған өндірістік объектінің атауы, почта жөнелтімін қабылдау күні мен уақыты белгіленген бедерлемені құжаттар мен почта жөнелтімдеріне соғуға арналған қондырғы; жеткізу орнында почта жөнелтімін алған өндірістік объектінің атауы, алу күні мен уақыты, сондай-ақ почта жөнелтімін адресатқа жеткізген (табыс еткен) өндірістік объектінің атауы, жеткізу (табыс ету) күні мен уақыты ;

почта жәшігі - қарапайым хаттар мен қарапайым почта карточкаларын жинауға

арналған белгілі түсті, нысанды және көлемді жәшік;

почта жөнелтімін қабылдау - почта операторының жөнелтушіден одан әрі өндеу, тасымалдау және адресатқа жеткізу (табыс ету) үшін қабылдаған почта жөнелтімін ресімдеуін білдіретін өндірістік операция;

өндірістік объектілер - почта байланысының қызметтерін көрсетуге арнайы тағайындалған және жабдықталған почта байланысының бөлімшелері мен құрылыштары (почтамттар, почта тасымалдау бөлімшелері, почталық айырбастау пункттері, почта байланысы тораптары, почта байланысы пункттері және басқалары);

мерзімді басылымдарды жазылу бойынша тарату - мерзімді басылым әкімшілігінің, почта операторының және пайдаланушының мерзімді басылымдарға жазылуды қабылдау, жинау, тапсырыстарды жасау және өндеу, мерзімді басылымдарды тасымалдау және жеткізу (табыс ету) кезіндегі өзара іс-қимылы;

тіркелетін почта жөнелтімі - жөнелтушіге түбіртек берумен қабылданатын және адресатқа қолхатпен табыс етілетін почта жөнелтімі;

почта байланысы құралдары - почта жөнелтімдерін қабылдау, өндеу, тасымалдау және жеткізу (табыс ету), почталық ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын үй-жайлар, техникалық құралдар, қызмет көрсету технологиялары, ноу-хау, көлік құралдары, жабдықтар, почта конверттері, карточкалары, маркалар, почта

ы д ы с ы ;

почта қызметі субъектілері - почта операторлары және почта операторларының қызмет көрсетулерін пайдаланушылар;

тариф - почта байланысының қызмет көрсетулеріне белгіленген төлем мөлшері;

почта байланысы торабы - почта жөнелтімдерімен барлық өндірістік операцияларды жүзеге асыратын, оларды өндеуге және тасымалдауга мамандандырылған өндірістік объект;

курьерлік почта қызмет көрсетулері - почта жөнелтімдерін тасымалдаудың және жеткізудің (табыс етудің) арнайы режимімен почта байланысы қызмет көрсетулері;

почта байланысы қызмет көрсетулері - почта жөнелтімдерін қабылдау, өндеу, тасымалдау және жеткізу (табыс ету) жөніндегі қызмет, сондай-ақ почталық ақша аударымдарын жүзеге асыру;

жедел почта қызмет көрсетулері - почта жөнелтімдерін тасымалдаудың арнайы режимімен почта байланысы қызмет көрсетулері;

қаржылық қызмет көрсетулер - почта операторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық рыноктарда көрсететін қызметтер (соның ішінде агенттік қызмет көрсетулер);

таңба басу машинасы - жазбаша хат-хабарға почта байланысы қызмет көрсетулеріне ақы төленгенін растайтын почта төлемінің мемлекеттік белгілерін, жазбаша хат-хабарды қабылдау күнін және басқа да ақпаратты соғуға арналған машина.

## 2 - бап. Почта туралы заңнама

1. Почта туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге нормалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

### 3-бап. Почта қызметінің негізгі қағидаттары

#### Почта қызметі :

##### 1) заңдылықты сақтау;

2) почта байланысы қызмет көрсетулерінің ақпаратты алу және онымен алмасу қуралдарының бірі ретінде барлық жеке және заңды тұлғалар үшін қол жеткізілімдігі;

3) почта қызмет көрсетулерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуы және қамтамасыз етілуі;

4) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында почта жөнелтімдерінің транзит еркіндігі;

5) жеке және заңды тұлғалардың почта байланысы саласындағы қызметке қатысуға және осы қызмет нәтижелерін пайдалануға құқықтарының тенденциі;

6) Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде белгіленген шектеулерді ескере отырып, пайдаланушылардың хат алмасудың, почталық, телеграфтық жөнелтімдер мен өзге де хабарламалардың құпиялышына құқықтарын қамтамасыз ету;

7) почта желісін және оны басқарудың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету;

8) почта байланысы саласындағы ережелердің, стандарттардың, талаптар мен нормалардың бірыңғайлығы;

9) ұлттық почта желісі мен почта-жинақ жүйесін дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету;

10) почта-жинақ жүйесінің салымдарына ұлттық оператор тартатын ақшаны орналастыру тәртібін мемлекеттік реттеу негізінде жүзеге асырылады.

## 4 - бап. Почта қызмет көрсетулері

1. Почта операторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес почталық, қаржылық және өзге де қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2. Почта байланысы қызмет көрсетулеріне:

1) почта байланысының жалпыға бірдей қызмет көрсетулері: Қазақстан Республикасының аумағында орнатылған почта жәшіктерінен жиналған пайдаланушылардың жазбаша қарапайым хат-хабарларын қабылдау, өндөу, тасымалдау және жеткізу (табыс ету) жөніндегі қызмет көрсетулер;

2) почта байланысының негізгі қызмет көрсетулері:

тіркелетін почта жөнелтімдерін, жолдама заттарды, бандерольдерді, ұсақ пакеттерді, контейнерлерді қабылдау, өндеу, тасымалдау және жеткізу (табыс ету) жөніндегі

қ ы з м е т ;

жедел және курьерлік почта қызмет көрсетулері;

п о ч т а л ы қ а қ ш а а у д а р ы м д а р ы ;

тапсырыстар мен каталогтар бойынша жолдама сауда;

3) почта байланысының шарттық қызмет көрсетулері:

мерзімдік басылымдарды жазылу бойынша және бөлшек саудада тарату;

жинақталған зейнетақы туралы хабарламаларды жеткізу;

почта жарнамасы саласындағы қызмет көрсетулер;

почталық төлем белгілерін, почта конверттерін, карточкаларын, открытикаларын, блоктарын, кәдесыйларын сату және басқалар;

4) факс байланысы, электрондық почта, бөлшек сауда қызмет көрсетулері және почта операторлары көрсететін өзге де қызметтер жатады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған почта байланысы қызметтерін почта операторлары уәкілетті орган лицензиясының негізінде көрсетеді.

4. Почта операторлары қаржылық қызметтердің мынадай түрлерін көрсетуге

қ ұ қ ы л ы :

1) почта лотереяларын өткізу;

2) бағалы қағаздаррында трансфер-агенттік, брокерлік, дилерлік және өзге де

қ ы з м е т к ө р с е т у ;

3) мемлекеттік бюджеттен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, және басқа да

әлеуметтік төлемдерді жеткізу жөніндегі агент қызметтерін көрсету;

4) салымшыларды шарт жасасуға тарту бойынша зейнетақы қорларының агенті

қ ы з м е т т е р і н к ө р с е т у ;

5) лизинг қызметін жүзеге асыру;

6) факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)

сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын, төлемей қою қаупін қабылдай отырып,

с а т ы п а л у ;

7) форфейтингтік операциялар (форфеттеу): сатушыға айналымсыз вексельді сатып

алу жолымен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушының

қарыздық міндеттемелерін төлеу.

5. Ұлттық оператор осы баптың 4-тармағында көзделген қаржылық қызметтерді

көрсетуден басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы болғанда банк операцияларының

мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) занды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және

жүргізу;

2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жургізу;

3) кассалық операциялар: банкноттар мен монеталарды қабылдау, беру, қайта санау, айыру, айырбастау, іріктеу, буып-тұю және сақтау;

4) аударым операциялары: занды және жеке тұлғалардың банк шотын ашусызы ақшаны аудару жөніндегі тапсырмаларын орындау;

5) банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкасациялау және жіберу;

6) шетел валютасын айырбастау операцияларын үйімдастыру.

## 2-ТАРАУ, ПОЧТА ЖҮЙЕСІ

5-бап. Почта желілері

1. Почта желілерін почта операторлары меншік, мұліктік жалдау құқығында немесе Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өзге де құқықтарда пайдаланады.

2. Почта операторларының өндірістік объектілері почта операторларының қызмет көрсетулеріне пайдаланушылардың еркін қол жеткізуін қамтамасыз ететін филиалдар түрінде құрылуды мүмкін.

3. Почта байланысының техникалық құралдары стандарттау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін стандарттарға, өзге де нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестікке сертификаттауға жатады. Почта байланысы құралдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген экологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

## 6 - бап.      Почта      операторлары

1. Почта операторлары осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес пайдаланушыларға почта байланысы қызметтерін және қаржылық қызметтерді көрсетеді.

## 7 - бап. Ұлттық поча операторы

1. Ұлттық поча операторы азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктері іске асырылуын қамтамасыз етеді және өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде жүзеге асырады.

Ұлттық поча операторы жеке тұлғаларға, мемлекеттік билік және басқару органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және заңды тұлғаларға поча байланысы қызметтерін көрсетеді.

Ұлттық поча операторының негізгі қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында пайдаланушыларға поча байланысының жалпыға бірдей, негізгі, шарттық және өзге де қызметтерін, қаржылық қызметтерді, банк операцияларының жекелеген түрлерін, сондай-ақ бөлшек сауда қызметтерін көрсету болып табылады.

Ұлттық оператор туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітеді.

2. Ұлттық поча операторының филиалдары - почтамттар, поча тасымалдау бөлімшелері және ұлттық поча операторы дербес заңды тұлға ретінде құратын өзге де құрылымдық бөлімшелер поча байланысы қызметтерінің бүкіл кешенін не болмаса өзінің жеткізу немесе жіберу учаскесінің шегінде поча байланысының жалпыға бірдей және негізгі қызметтерін көрсетеді.

Ұлттық поча операторының өндірістік объектілері уәкілетті орган беретін поча индекстері жүйесімен біріктірілген.

3. Ұлттық поча операторы уәкілетті орган бекіткен түрі мен қолеміне сәйкес почталық төлемнің мемлекеттік белгілерін (почта маркалары, блоктары, маркіленген конверттер мен открыткалар, поча карточкалары мен конверттер) шығарады.

Ұлттық поча операторы почталық төлемнің мемлекеттік белгілерін сату мен таратуды жүзеге асырады. Сатылған почталық төлемнің мемлекеттік белгілері қайтара қабылданбайды және айырбасталмайды.

4. Ұлттық поча операторы поча жөнелтімдерін поча жәшіктерінен алу

мерзімі мен уақытын анықтайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша олардың болуын қамтамасыз етеді.

5. Ұлттық поча операторы өз қызметкерлерін уәкілетті орган белгілеген нормалар бойынша және тәртіппен нысандық киіммен қамтамасыз етуге құқылы.

## 3-ТАРАУ. ПОЧА ҚЫЗМЕТИН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Параграф 1. Почта байланысы қызмет көрсетулерін ұсыну жөніндегі қызметті реттеу

8-бап. Почта байланысы саласындағы мемлекеттік органдардың құзыretі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының почта байланысын дамыту және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың салалық бағдарламасын бекіtedі;

2) инвестицияларды тарту үшін қолайлыш жағдай жасайды және почталық қызметтер көрсету рыногын дамыту және оның тұрақтылығын қолдау жөніндегі өзге де шаралар қ о л д а н а д ы ;

3) почта қызметіне байланысты үкіметаралық келісімдер жасасады;

4) почта байланысы саласында қызмет көрсетулерді өндіру және ұсыну жөніндегі қызметті лицензиялау ережелерін бекіtedі;

5) Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 2 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) Қазақстан Республикасының аумағында почта байланысы саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

2) тұрғындар мен экономиқаның почта байланысы қызмет көрсетулеріне мүктаждығын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат пен стратегияны іске а с ы р а д ы ;

3) Қазақстан Республикасының почта байланысын дамыту және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың салалық бағдарламасын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

4) почта байланысы қызметтерін ұсынатын кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсетеді;

5) почта байланысы қызмет көрсетулер рыногын дамытуға және почта-жинақ жүйесін жетілдіруге жәрдемдеседі;

6) почта байланысы қызметтерін көрсетумен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;

7) ұлттық почта операторы арқылы почта төлемінің мемлекеттік белгілерін (почта маркалары, блоктары, маркіленген конверттер мен открытиялар, почта карточкалары мен конверттер) шығаруды қамтамасыз етеді және түрлері мен шығару көлемін б е к і т е д і ;

8) Қазақстан Республикасының аумағында почта байланысы объектілеріне почталық индекстер береді;

9) почта операторларының қызмет көрсетулерін пайдаланушылардың құқықтары сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

10) Почталық төлем белгілерінің мемлекеттік коллекциясын қалыптастыру құқығына ие болады ;

11) өз құзыреті шегінде поча байланысы қызмет көрсетулерін пайдаланушыларға ұсынудың тиісті ережелерін бекітеді. Қазақстан Республикасының аумағында поча жөнелтімдерін авиа- және жер бетіндегі көлікпен жеткізудің мерзімдерін анықтайды;

12) поча жөнелтімдеріне поча штемпелін қолдану тәртібін бекітеді;

13) поча байланысы саласындағы заңнаманың орындалуын қамтамасыз етеді;

14) таңба басу машиналарын қолдануға рұқсаттар беру тәртібін, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін анықтайды;

15) поча инфрақұрылымына инвестицияларды тартуға жәрдемдеседі;

16) Қазақстан Республикасының поча әкімшілігі ретінде қызмет атқарады және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған өкілеттік шегінде басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың поча әкімшіліктерімен өзара іс-қимыл кезінде Қазақстанның поча байланысы саласындағы мүдделерін білдіреді және қорғайды;

17) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша поча байланысы саласындағы халықаралық шарттарды дайындауды және жасасуды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### 3. Жергілікті атқарушы органдар:

1) поча операторларына, олардың аумағына өндірістік объектілерді орналастыруда көмек көрсетеді, сондай-ақ поча операторларының өндірістік объектілері үшін адам тұрмайтын үй-жайлар бөлу туралы мәселелерді қарайды;

2) өндірістік объектілерді тиімді жұмыс істеу және әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында поча байланысының қызмет көрсету аясын кеңейту үшін қажетті механикаландыру, автоматтандыру және ақпараттандыру құралдарымен жараптандыруға жәрдемдеседі;

3) әкімшілік-аумақтық бірлікте поча желілерінің тұрақты жұмыс істеуіне жәрдемдеседі, поча операторларына поча жөнелтімдерін шалғайдағы елді мекендерге белгіленген мерзімде жеткізуде көмек көрсетеді;

4) ұлттық поча операторымен бірлесіп, әкімшілік-аумақтық бірлікте поча жәшіктерінің санын және орналастыру орындарын анықтайды, тұрғындардың және тұрғын үйлерді пайдаланатын ұйымдардың абоненттік поча шкафтарын және абоненттік поча жәшіктерін тиісті түрде пайдалануын қамтамасыз етеді.

### 9-бап. Почта байланысының техникалық құралдарын сертификаттау

Почта байланысының техникалық құралдарын стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті орган белгілеген стандарттарға, өзге де нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестікке сертификаттауды Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған және стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тіркелген жеке және занды тұлғалар жүргізді.

10-бап. Почта байланысының қызмет көрсетулерін ұсыну жөніндегі қызметті лицензиялау

Почта операторлары почта байланысының қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган беретін лицензиялардың негізінде жүзеге асырады.

11-бап. Бірыңғай нормативтер мен талаптар

Почта операторлары почта байланысының қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті уәкілетті орган белгілейтін ережелер мен нормативтерге сәйкес жүзеге асырады.

Почта жөнелтімдерін ресімдеуге, олардың орамына қойылатын талаптар мен техникалық сипаттамалар уәкілетті орган белгілейтін нормативтерде анықталады.

12-бап. Почта байланысы қызмет көрсетулеріне арналған тарифтер

1. Почта байланысы қызмет көрсетулеріне арналған тарифтерді почта операторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді және табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган реттейді.

2. Егер заң кесімдерінде почта байланысының жалпыға бірдей немесе негізгі қызметтерін пайдаланушылардың жекелеген санаттарына ақысыз не болмаса женілдік шартымен көрсету көзделген жағдайда, почта операторы осындай қызметтерді көрсетуге байланысты көтерген шығыстар мемлекеттік бюджет қаражатының есебінен өт еле ді .

13-бап. Почта операторларының жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар мен өзара іс-қимылы

Почта операторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға өз почта желілерінде жедел-іздестіру шараларын жүргізуде ұйымдастыру және техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге міндетті .

14-бап. Почта аударымдарын жүзеге асыру кезінде тілдерді пайдалану Қазақстан Республикасының шегінде жіберілетін почта жөнелтімдері мемлекеттік немесе орыс тілінде ресімделеді .

Халықаралық почта жөнелтімдері Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар мен келісімдердің нормаларында анықталған тілдерде ресімделеді және өндеделеді .

15-бап. Почта байланысының қызмет көрсетулерін жүзеге асыру кезіндегі шектеулөр

1. Почта желілері бойынша жіберуге тыйым салынған немесе шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Почта операторы ішіндегі жіберуге тыйым салынған почта жөнелтімдерін кідіртуге, сондай-ақ осы Заңның 24-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен басқа почта жөнелтімдерінің бүлінуіне (зақымдалуына) әкелетін немесе әкелуі мүмкін, почта байланысы қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін почта жөнелтімдерін, егер осындай қауіпті өзге жолмен жоюға келмесе, уәкілетті орган анықтайтын нысан бойынша акті жасай отырып, жоюға немесе жоюға рұқсат беруге құқылы.

Почта жөнелтімдерінен тасымалдауға тыйым салынған немесе шектелген заттарды алып қою тәртібін, сондай-ақ оларды жою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеуді.

2. Уәкілетті орган ұлттық почта операторының жолдама заттарға қабылдауына немесе жеткізуіне жататын маусымдық тауарларды анықтауға құқылы.

Параграф 2. Қаржылық қызмет көрсетулерді ұсыну жөніндегі қызметті р е т т е у

#### 16 - бап.      П о ч т а - ж и н а қ      ж ү й е с і

1. Почта-жинақ жүйесі Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен және шартпен қалыптастырылады және дамытылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Заңда көзделген банк операцияларын лицензиялауды, сондай-ақ ұлттық почта операторының банкілік қызметін Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес реттеуді жүзеге асырады.

#### 17-бап.      Почта операторларының қаржылық қызмет көрсетулері

1. Почта операторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық қызмет көрсетулерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2. Почта операторларының қаржылық қызметтерді көрсету жөніндегі қызметтін лицензиялау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Параграф 3.      Почта жөнелтімдерінің жекелеген түрлері

#### 18 - бап.      Т а п с ы р ы с т ы      ж ө н е л т і м д е р

1. Почта жөнелтімдерінің барлық түрлері пайдаланушылардың тілегі бойынша тапсырыс тәртібімен жіберілуі мүмкін және тіркелетін жөнелтімдерге жатады.

2. Тапсырысты жөнелтім көрсетілетін қызмет үшін алдын ала төлеммен және почта операторының түбіртек беруімен қабылданады.

**19-бап. Құндылығы жарияланған жөнелтімдер**

1. Бағалы қағаздар, құжаттар немесе бағалы заттар бар поча жөнелтімдері құндылығы жарияланған тіркелетін поча жөнелтімдеріне жатады.

2. Пайдаланушылар құндылығы жарияланған поча жөнелтімі салымының бағалау сомасын дербес анықтайды және уәкілетті орган бекіткен Почта байланысының қызметтерін көрсету ережесіне сәйкес орамды таңдап алады.

3. Құндылығы жарияланған жөнелтім үшін тариф белгіленген тәртіппен анықталады және оны жөнелтуші почта операторынан түбіртек ала отырып, алдын ала төлеиді.

4. Жөнелтуші жариялаған құндылық мөлшері осы Заңмен шектелмейді.

**20-бап. Алу туралы хабарлама**

Тапсырысты жөнелтімді немесе құндылығы жарияланған жөнелтімді беру кезінде жөнелтуші адресаттың поча жөнелтімін алғаны туралы хабарламаны оған жіберуді талаап етуге құқылыш.

Хабарлама үшін тарифті жөнелтуші почта операторынан түбіртек ала отырып, алдын ала төлеиді.

Алу туралы хабарлама жөнелтушіге оның таңдауы бойынша әуе немесе жер бетіндегі жолмен жіберіледі.

**21-бап. Почта байланысының жалпыға бірдей қызмет көрсетулері**

1. Ұлттық почта операторы көрсететін тіркелмейтін жалпыға бірдей қызметтер жөнелтушінің нұсқауына сәйкес өңдеуге, тасымалдауга және жөнелтушіне жеткізуге (табыс етуге) жататын қарапайым жазбаша хат-хабарды орнатылған почта жәшіктеріне қабылдауды білдіреді.

2. Почта жөнелтімінде почта төлемінің мемлекеттік белгілері болмаса немесе төлемнің белгіленген тарифіне дейін төленбесе, почта операторы осындаи почта жөнелтімін қосымша ақы төлеу қажеттілігін көрсете отырып, жөнелтушіге қайтаруға құқылыш.

Жекелеген жағдайларда көрсетілген почта жөнелтімі белгіленген тарифке дейін қосымша ақы төлеуді жеткізу (табыс ету) уақытында жүзеге асыру туралы ұсыныспен адресатқа жеткізілуі мүмкін.

**22-бап. Почта жөнелтімін қайтару. Жөнелтушінің өтініші бойынша мекен-жайды**  
**өзгерту немесе түзету**

1. Почта жөнелтімі:

1) адресатқа берілмеген;

2) рұқсат етілмеген салымдар үшін тәркіленбеген немесе жойылмаған;

2. Почта жөнелтілімін қайтару, мекен-жайды өзгерту немесе түзету жөнелтуші арнайы тарифті төлеген кезде жүзеге асырылады.

## 4-ТАРАУ. АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

## 23-бап.      Почта      қауіпсіздігі

1. Почта операторы почта қауіпсіздігі бөлімшелерін құруға құқылы. Көрсетілген бөлімшелер почта операторларының қызметкерлерін қорғауды, почта желілерінің қауіпсіздігі мен сырттан кіруден қорғауды, өндірістік объектілердің почта жөнелтімдері мен ақшаның сақталуын, жіберуге тыйым салынған нәрселер мен заттарды айқындауды және оларды почтамен тасымалдау жағдайларын болдырмауды қамтамасы з етеді.

Почта қауіпсіздігі қызметтері ішкі қызметтік тексерістер жүргізеді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға қылмыс деректері бойынша көмек көрсетеді.

2. Почта қауіпсіздігі қызметтері өз қызметінде Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде белгіленген тәртіппен техникалық және арнайы құралдарды, қызметтік штат қаруын пайдалануға құқылды.

Арнайы, техникалық құралдарды және қызметтік штат қаруын пайдалану тәртібі, оларды сатып алу, есепке алу, сақтау, жөндеу және жою тәртібі Қазақстан Республикасының заннамасында анықталады.

24-бап. Почта хабарламаларының қупиялылығы

1. Хат алмасудың, пошталық, телеграфтық және пошта операторларының қызмет саласына кіретін өзге де хабарламалардың құпиялышына мемлекет кепілдік береді.

2. Почта жөнелтімдерін тексеру және ашу, ішіне салынғанын тексеру, сондай-ақ почта хабарламалары құпиялығының өзге де шектеулері сот шешімі негізінде ғана  
рұқсат етіледі.

3. Барлық пошта операторлары пошта жөнелтімдерінің құпиялығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Почта жөнелтімдері, почталық ақша аударымы және почта операторларының қызмет саласына кіретін өзге де хабарламалар туралы ақпарат, сондай-ақ почта жөнелтімдерінің өзі, аударылатын ақшалай қаражат және өзге де хабарламалар почта хабарламаларының құпиясы болып табылады және жөнелтушілерге (адресаттарға) немесе олардың өкілдеріне ғана берілуі мүмкін.

5. Көрсетілген ережелерді бұзуға жол берген лауазымды және өзге де тұлғалар  
Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде белгіленген тәртіппен жауапкершілікке

## т а р т ы л а д ы .

25-бап. Почта заңнамасын бұзған үшін жауапкершілік

1. Осы Заңдың ережелерін бұзған жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заң кесімдеріне сәйкес жауап береді.

2. Почта операторларының кінәсінен почта байланысының қызметтерін көрсету жөніндегі міндеттемелердің орындалмағаны не болмаса тиісті түрде орындалмағаны үшін олар пайдаланушылар алдында материалды жауапты болады. Почта операторлары :

тіркелетін почта жөнелтімдерін жоғалту, бұлдіру (закымдау);

тіркелетін почта жөнелтімдері салымдарының жетіспеушілігі;

почта жөнелтімдерін жіберудің бақылау мерзімдерін бұзған жағдайларда  
материалды жаупты болады .

3. Почта операторлары құндылығы жарияланған почта жөнелтімдерінің жоғалуы, салымының жетіспеушілігі, бұлінуі (закымдалуы) үшін жарияланған құндылықпен жеткізу үшін өндіріп алынған тариф мөлшерінде материалды жауапты болады.

Құндылығы жарияланған почта жөнелтімін салым тізімдемесімен бірге жіберген кезде оның салымының бір бөлігі жоғалған немесе бұлінген (закымдалған) жағдайда почта операторы жөнелтуші тізімдемеде көрсеткен салымның жетіспейтін немесе бұлінген (закымдалған) бөлігінің жарияланған құндылығы мөлшерінде шығынды

ө т е й д і .

Құндылығы жарияланған почта жөнелтімін салым тізімдемесінсіз жіберген кезде оның салымының бір бөлігі жоғалған немесе бұлінген (закымдалған) жағдайда почта операторы салымның жетіспейтін немесе бұлінген (закымдалған) бөлігі салмағының жіберілген салымның салмағына (почта жөнелтімі қабатының салмағынсыз) арақатынасына тепе-тең анықталатын почта жөнелтімінің жарияланған құндылығының мөлшерінде шығынды

ө т е й д і .

Өзге де тіркелетін почта жөнелтімдері жоғалған, салымы жетіспеген, бұлінген (закымдалған) кезде почта операторлары тарифтік төлемнің екі есе сомасы мөлшерінде

материалды жаупты болады .

4. Почта жөнелтімі, ақша жоғалған немесе жетіспеген жағдайда почта операторы аударым сомасын немесе жетіспейтін ақша сомасын және жеткізу үшін өндіріп алған тарифті

ө т е й д і .

5. Азаматтардың жеке бастарының (өндірістік емес) мұқтаждықтары үшін почта жөнелтімдері мен почталық ақша аударымдарын жіберудің бақылау мерзімдерін бұзған жағдайда почта операторлары әрбір кідіртілген құн үшін почта байланысының жіберу бойынша көрсеткен қызметтері үшін ақының үш пайызы мөлшерінде, бірақ осы қызмет көрсету үшін төленген тариф сомасынан асырмай айыппұл төлейді.

Почта жөнелтімдерін әуе көлігімен жіберудің бақылау мерзімдерін бұзған жағдайда

почта операторлары пайдаланушыға әуе және жер бетіндегі көлікпен жіберу үшін төлемнің арасындағы тарифтердің айырмашылығын төлейді.

6. Пайдаланушылардың қосымша шығындары, соның ішінде ала алмаған табысы өт ел м е й д і .

7. Почта операторлары почта жөнелтімдерін жоғалтқаны, булдіргені (зақымдағаны), жеткізбегені немесе оларды жіберудің бақылау мерзімдерін бұзғаны үшін, егер бұл қарсы тұруға болмайтын жағдайдың немесе почта жөнелтімі салымының қасиеті салдарынан болғаны дәлелденсе, материалды жауап бермейді.

8. Пайдаланушылар почта жөнелтімдеріне жіберуге тыйым салынған нәрселер мен заттарды салу салдарынан туындаған не болмаса жіберілетін салымның тиісті түрде буып-түйілмеуі нәтижесінде туындаған, почта операторына келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заң кесімдеріне сәйкес белгіленген материалды және өзге де түрде жауапты болады .

9. Почта жәшіктерін, абоненттік почта жәшіктерін, тірек пункттерінің шкафтарын бұлдіруде, почта жөнелтімдерін ұрлауда, жоюда немесе зақымдауда кінәлі тұлғалар, сондай-ақ почта операторына залал келтіруде және осы Заңның өзге де құқық бұзушылықтарында кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң кесімдеріне сәйкес жауап береді .

10. Почта төлемдерінің қолдан жасалған, жалған белгілерін, соның ішінде халықаралық жауап купондарын сату мақсатында жасауда немесе сатуда, сондай-ақ таңба басу машиналары мен бәсіре заттардың қолдан жасалған клишелерін пайдалануда кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң

кесімдеріне сәйкес жауап береді.

11. Почта операторлары мен пайдаланушылардың арасында туындаитын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

12. Кінәсінен залал келтірілген почта операторларының қызметкерлері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің алдында материалды және өзге де түрде жауапты болады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК